**REAL GEAR FOR REAL GAMERS**
www.cougargaming.com

# VM410

## ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ ТҮРІ ЖӘНЕ КОМПЛЕКТАЦИЯСЫ

- A Ультражеңіл аспалы тіреу конструкциясы.
- B Ультражеңіл былғарыдан жасалған аспалы шылбыр.
- C Пішінді сақтайтын ұлғайтылған амбушюрлер.
- D Құлаққаптың реттелмелі ұстағыштары.
- E Құлаққаптың сол/оң жақ коннекторлары.
- F Дыбыс деңгейін және микрофонды басқару блогы.
- G Коннектор 3,5 мм.
- H Поп-сүзгісі бар алынбалы микрофон.
- I Тармақтағыш.
- J Алынбалы амбушюрлер.










## НҰСҚАУЛЫҚ

A Құлаққапты қосу




B Микрофонды қосу



C Микрофонды реттеу



D Дыбыс деңгейін реттеу




D Құлаққаптың күйін реттеу




D Ауыстырмалы амбушюрлер
Амбюшюрлерді шешу




Амбушюрлерді орнату
1. Амбушюрлерді белгіленген жағымен жоғары қарата орналастырыңыз.
2. Штифтілер мен саңылауларды туралаңыз.
3. Амбушюрді сырт еткен дауыс естілгенше басыңыз.




### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ



Құлаққапты бастың өлшеміне сәйкес реттегенде, зақым келтірмеу үшін оны қатты созбаңыз.

## ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАҒАЙЫНДАУ

Құлаққап - бұл музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Қысқа тұйықталудың алдын алу үшін құрылғыға ешқандай сұйықтықты тигізбеңіз, сұйықтығы бар ашық ыдыстарды жанына қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулленуге ұшыратпаңыз.




Есту мүшелеріне зақым келтірмеу үшін гарнитураны қауіпсіз дыбыс деңгейлерінде қолданыңыз. Құлаққапты ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдау есту қабілетінің қайтымсыз зақымдалуына және тіпті одан айырылуға әкелуі мүмкін.

## ЕРЕКШЕЛІКТЕР

- Эргономикалық дизайн;
- 53 мм графен динамиктері кәсіби деңгейдегі дыбыс сапасын қамтамасыз етеді;
- 9,7 мм шуды басу технологиясы бар микрофон;
- 3 және 4 полюсті адаптерлер қосымша үйлесімділікті қамтамасыз етеді;
- Дыбыс деңгейін қолайлы реттеу және микрофонды ауыстырып-қосқыш.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

| ҚҰЛАҚҚАП | |
|---|---|
| Үлгі | CGR-P53B-550, CGR-P53O-550, CGR-P53S-550, CGR-P53X-550 |
| Динамиктер | 53 мм |
| Жиіліктік ауқым | 20 Гц - 20 кГц |
| 1 кГц шамасындағы сезімталдық | 113 дБ ± 3 дБ |
| 1 кГц шамасындағы кедергі | 32 Ом ± 15 % |
| Макс. кіріс қуаты | 100 мВт |
| МИКРОФОН | |
| Түрі | Шуды басу жүйесімен |
| Жиілік | 20 Гц - 20 кГц |
| 1 кГц шамасындағы сезімталдық | -113 дБ ± 3 % |
| Кедергі | 2,2 kΩ |

Жоғарыда аталған сипаттар елге немесе аймаққа байланысты өзгешеленуі мүмкін

## КОМПЛЕКТАЦИЯ

| | |
|---|---|
| VM-410 сериялы құлаққап | Алынбалы амбушюрлер |
| Алынбалы микрофон + поп-сүзгі | Пайдаланушы нұсқаулығы |
| Тармақтағыш | Алынбалы кабель |

## ЖАБДЫҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Құлаққап пен микрофонға арналған 3,5 мм жалғағыштар.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕПІЛДІК САЯСАТЫ

**COUGAR ОЙЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА КЕПІЛДІК МЕРЗІМДЕРІ**
Өнім: Cougar VM-410 ойын құлаққабы.
Кепілдік: 12 ай.
Аталмыш кепілдік сізге ерекше құқық береді. Сондай-ақ ол жергілікті заңнама бойынша сатып алушының құқықтарын есептен шығармайды.

**ӨНІМГЕ КЕПІЛДІК ҚОЛДАНЫЛМАЙТЫН ШАРТТАР**

- Дүлей апаттар (соның ішінде дауыл, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, күн күркіреу және т.б.) нәтижесіндегі кез келген зақым. Кездейсоқ немесе адам факторынан (соның ішінде соққылар, сызаттар, құлау, жылжыту, қысу, дақтар, тот басу, жарамсыз кернеу, компьютерлік вирус, қате жолмен пайдалану, әдейі зақым келтіру және т.б.) орын алған кез келген зақым. Лайықсыз жұмыс ортасында (соның ішінде жоғары температура, жоғары ылғалдылық, су және т.б.) пайдалану. Кепілдік мерзімінің қолданылуын дәлелдеу мақсатында өнімге кепілдік талонын немесе сатып алу туралы чекті көрсете алмау.
- Кепілдік талоны немесе өнімнің сериялық нөмірі өзгертілді немесе оның нөмірін анықтау қиын.
- Кепілдік мерзімі өтіп кетті.
- Өнімді лайықсыз қолданудан пайда болған зақымдар немесе ақаулар.
- COUGAR өндірушісі сертификаттамаған бөліктерді пайдаланудан пайда болған зақымдар.
- Сатып алушының немесе COUGAR компаниясы уәкімдік бермеген өндірушінің тарапынан жасалған жөндеуден немесе реттеуден пайда болған зақымдар. Өнім компанияның ресми дистрибьюторынан сатып алынбаған; өнім заңсыз көздер арқылы сатып алынды.
- Кепілдік керек-жарақтарға, қаптамаға және нұсқаулыққа қолданылмайды.

**ОТКАЗ ОТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ**

- COUGAR өнімін тіршілікті қамтамасыз ету құрылғыларында, медициналық жабдықта, әскери техникада, тасымалдау жабдығында немесе дүлей апаттардың алдын алу жүйесінде маңызды құрамдас ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.
- COUGAR компаниясы өзі белгілеген үйлесімді операциялық жүйелерде компьютерлік ойындарға арналмаған COUGAR өнімдерін пайдаланудың салдарынан болған кез келген залал, шығын, зақым және т.б. үшін жауап бермейді.
- COUGAR компаниясы пайдаланушы нұсқаулығындағы COUGAR ұсынған нұсқауларға сәйкес келмейтін COUGAR өнімдерін пайдаланудың салдарынан болған кез келген залал, шығын, зақым және т.б. үшін жауап бермейді.
- Бағдарламалық жасақтама, пайдаланушы нұсқаулығы, шығын материалдары (мысалы, тінтуір төсемдері, тінтуір аяқтары және т.б.), қаптама кепілдікпен өтелмейді.
- Кепілдік туралы ақпарат алу үшін Service@cougargaming.com мекенжайына хабарласыңыз.

## МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ, ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны 5°C және 40°C аралығындағы ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптама ішінде сақтау қажет. Бөлмелерде тот басуға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың буы, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғыны ұқыпты қолдану қажет, оны шаң, кір, соққы, ылғал, өрт және т.б. әсерлерден қорғаңыз.
- Құрылғы қолданыстағы РФ заңнамасына сәйкес іске асырылуы тиіс.
- Аталмыш бұйымды қоқысты қайта өңдеу нормалары мен ережелеріне сәйкес кәдеге жарату қажет. Аталмыш бұйымның тиісінше кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету арқылы сіз қоқыстың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына тиюі мүмкін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды тиімді түрде пайдалануға көмектесесіз. Аталмыш өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарумен айналысатын кәсіпорындардан алуға болады.
- Құрылғының істен шығуы анықталған жағдайда, өкілеттік сервистік орталыққа дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

## РЕСМИ ХАБАРЛАМА


Бұл пайдаланушы нұсқаулығын Компьюкейс Энтерпрайз компаниясы жасаған және компанияның жазбаша келісімінсіз толық немесе ішінара көшіруге, беруге, таратуға немесе сақтауға болмайды. COUGAR® — Компьюкейс Энтерпрайз компаниясының тіркелген бренді болып табылады. Осы құжаттамада аталған өнімдер мен компаниялардың басқа атаулары тиісті иеленушілердің брендтері немесе сауда белгілері болуы мүмкін. Компьюкейс Энтерпрайз алдын ала ескертусіз өнімнің нұсқаулығы мен техникалық сипаттамасына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады.


MSIP-REI-CEE-IMMERSAPRO


Барлық басқа тіркелген тауар белгілері тиісті компанияларға тиесілі.


## ӨНДІРУШІНІҢ КОНТАКТІЛЕРІ

**Өндіруші:** Компьюкейс Энтерпрайз Ко., Лтд.
№ 225, 54-шолақ көше, Ань Хо тас жолы, 2-бөлім, Тайнань қ., Тайвань.

**Өндірушінің филиалы:** Дунхуа Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд.
Цинчжан 159 тас жолы, Чаншаньтоу а., Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

**Импорттаушы / өндірушінің өкілетті тұлғасы:** «Атлас» ЖШҚ. 690068, Ресей, Приморский өлкесі, Владивосток қ., 100-Летие Владивостока даңғылы, 155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Қытайда жасалған.

Толығырақ ақпаратты cougargaming.com сайтынан таба аласыз.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» атты ТР ЕАЭО 037/2016 техникалық регламентіне сәйкес келеді.

### ӨНІМНІҢ ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ

өнімнің шығарылған жылы мен айы оның сериялық нөмірінде көрсетілген.(шығарылған күнін анықтаудың 2 әдісі бар, екеуі де төменде сипатталған)

A S/N кейін: алғашқы екі сан жылын, қалған екеуі шығарылған айды білдіреді.
Мысалы, S/N: H**1702**000001 тауардың 2017 жылдың ақпан айында өндірілгенін білдіреді.

B S/N кейін: егер әріптер көрсетілсе, онда екі әріп төмендегі кестедегі сандарды көрсетеді және жылды білдіреді, келесі екі сан - шығарылған айы.
Мысалы, S/N: D**AG02**REVI000001 тауардың 2017 жылдың ақпан айында өндірілгенін білдіреді.

| A | B | C | D | E | F | G | H | I | J |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 0 |

- Мысалы, AG = 17 = 2017 жыл